

Тексерілді: Ж.Аяшова

Білім саласы: «Қатынас»

ҰОҚ: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Сипаты бойынша таны» Дидактикалық ойын

Мақсаты:

Білімділігі: Ойыншықтарды сипаттау арқылы қысқа әңгіме құрастыра білуге үйрету.

Дамытушылығы: Ойыншықтарды сипаттау арқылы сөздік қорларын (жұмсақ, қатты т.б) толықтыру.

Тәрбиелігі: Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты, таза ұстауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Сұрақ-жауап, көресту, Д/ойын: «Ғажайып қоржын», «Суреттерді топтастыру», Ләпбук әдісі, түсіндіру, тақпақ айту т.б

Көрнекілігі: Ойынға керекті суреттер, үлестірмелі материалдар, ойыншықтар

Жүру барысы:

Шаттық шеңбер:

Шеңбер болып тұрайық,

Алақанды ашайық

Таза ауаны жұтайық,

Жүрекке жылуық сыйлайық

Жиналған жылы шуақты,

Қонақтарға шашайық.

Жүру барысы:

-Балалар тақтадағы суреттерге назар аударайықшы. Суретте нелерді көріп тұрсындар?

-Дұрыс балалар бұлар ойыншықтар, ойыншықтар әр түрлі материалдардан жасалады екен.

(Балаларға ойыншықтар түрлерімен жеке дара түсінік беру)



Ғажайып сәт:

-Балалар есік қағылады, қарайын. Ой балалар есіктің алдына біреу қоржын тастап кетіпті. Қоржын ауыр екен, ішінде не бар екенін қарайықшы.

-Балалар қоржынның ішінде көптеген ойыншықтар бар екен, соны бір-бірлеп келіп алып, сипау арқылы не екенін, неден жасалғаны туралы әңгімелеп беріңдер.

(Балалар ойыншықтарды бір-бірлеп алып неден жасалғанын айтып әңгімелейді)



-Жарайсындар балалар ойыншықтар туралы көп біледі екенбіз. Енді бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті: «Бала, бала, балақан» әнін қимыл жасап айту.

-Балалар әрі қарай Ләпбук құралы арқылы үстел үстіндегі ойыншықтар суреттерін, әртүрлі түсті қалташаларға неден жасалғаны екенін ретімен салуымыз керек.

(Балалар қызығушылықпен ойынды ойнайды)



-Балалар осы біз ойыншықтар туралы тақпақтар білетін

(Балалар ойыншықтар туралы тақпақтарын айтады)

Фатима: Добым, добым домалақ,

Тоқтамайсың домалап.

Үстел үстін бүлдірдің,
Тәрелкені сындырдың,
Тентек болып кеттім деп
Тұрмын сені тепкілеп.

Көркем: Ойыншықтарым көп менің,

Бәрін жақсы көремін
Кешке дейін жалықпай
Бірге ойнап жүремін.

Имран: Күшік, мысық, балапан.

Қуыршағым балақан.
Қане, бәрің тұрыңдар.
Ойын сауық құрыңдар.

Оқу қызметті қортындылау:

- Балалар нелермен таныстық?

- Ойыншықтар нелерден жасалған екен?

- Балалар ойыншықтарды сындырмауымыз керек, ұқыпты ұстауымыз керек.

- Балалар осы біз ойыншықтар туралы тақпақтар білетін едік қо, қане айтайықшы.

(Балалар ойыншықтар туралы тақпақтарын айтады)

- Балалар жарайсыңдар бүгінгі оқу қызметімізге барлығымызда жақсы қатыстық, осымен оқу қызметіміз аяқталды.

№23 «Ынтымақ»бөбекжай бақшасы

Білім саласы: «Қатынас»

Ұйымдастырылған оқу қызмет: Сөйлеуді дамыту

Тақырыбы: «Сипаты бойынша таны»Дидактикалық ойын



Ортаңғы «Күншуақ»тобы

Тәрбиеші:Қайырлиева.Г.С

2021-2022 оқу жылы

